

Проведённый эксперимент показал эффективность использования искусственного интеллекта для развития творческих способностей младших школьников на уроках трудового обучения. Однако данное исследование не исчерпывает всех возможностей внедрения цифровых технологий в образовательный процесс. Изучение вопроса применения ИИ продолжается, и перспективы его интеграции охватывают все предметные области начальной школы. Использование ИИ может стать универсальным инструментом, способствующим индивидуализации обучения, расширению воображения и формированию креативного мышления учащихся в самых разных учебных ситуациях.

ИИ открывает новые горизонты для развития творческих способностей младших школьников, позволяя сочетать традиционные методы с цифровыми инновациями. Теоретический анализ показывает, что ИИ может стать средством расширения воображения, формирования оригинальности мышления и поддержки индивидуального развития. Перспективы дальнейших исследований связаны с разработкой диагностических методик и интеграцией ИИ в игровые формы обучения.

Литература:

1. Guilford, J. P. *The Nature of Human Intelligence*. New York: McGraw-Hill, 1967. – 538 p.
2. Torrance, E. P. *Torrance Tests of Creative Thinking: Norms-Technical Manual*. Lexington, MA: Personnel Press, 1974. – 150 p.
3. Выготский, Л. С. *Воображение и творчество в детском возрасте*. – М.: Педагогика, 1991. – 92 с.
4. Ляшенко, И. А., Шелухина, Н. П., Трускавина, А. С., Жадько, Е. Развитие творческих способностей младших школьников через использование современных образовательных технологий // *Актуальные исследования*. – 2025. – №32 (267). – С. 45–49.
5. Искусственный интеллект как инструмент развития творческих способностей младших школьников // *Білімді Ел – Образованная страна*. – 21.11.2025. – С. 12–15.
6. Слепцова, Г. А. Искусственный интеллект в процессе обучения в начальной школе: плюсы и минусы // *Молодой ученый*. – 2025. – №11 (562). – С. 318–320.
7. Papert, S. *Mindstorms: Children, Computers, and Powerful Ideas*. New York: Basic Books, 1980. – 230 p.
8. Mishra, P., Koehler, M. J. Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge // *Teachers College Record*. – 2006. – Vol. 108, No. 6. – P. 1017–1054.
9. Resnick, M. *Lifelong Kindergarten: Cultivating Creativity through Projects, Passion, Peers, and Play*. Cambridge, MA: MIT Press, 2017. – 203 p.

Мұқажан А.С., Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, шетел тілдері факультеті, МИЯ-25-1к тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекшісі — п.ғ.к., шетел тілінен даярлаудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры Акбаева Г.Н.*)

ИММЕРСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН БЕЙРЕСМИ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Өзгермелі әлем мен заманауи талаптарға сай шетел тілін білу оқушылардың болашақта жұмыс орнында және қоғамда табысқа жетуі үшін маңызды дағдылардың біріне айналды. Атап айтқанда, ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас пен ғылыми зерттеулердің негізгі тілі болып табылады [1, 15 б.].

Әр өркениетті елдің болашағы жас ұрпақ екені анық. Демек, бәсекеге қабілетті, сауатты ұрпақ үштілділік саясатының айқын көрінісі атана алады. Сондықтан білім беру саласындағы басты мақсаттардың бірі – оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлесуіне жағдай жасау. Дегенмен, ағылшын тілін тек жалпы оқу бағдарламасы арқылы оқыту оқушылардың тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Осы орайда факультативтік сыныптан тыс сабақтардың орны ерекше.

Ағылшын тілін тек жалпы мектеп бағдарламасы арқылы оқыту оқушыларды өмірлік жағдайларда еркін сөйлесуге үйрету үшін жеткіліксіз. Дәстүрлі оқулықтарға негізделген әдістер көбінесе тілдерді теориялық түрде зерттейді, бірақ практикалық сөйлеу дағдыларын дамытуда тиімді болмауы мүмкін. Сабақ уақытының шектеулілігіне, оқушылардың санының көптігіне және нақты бағдарлама құрылымын қатаң сақтауға байланысты барлық оқушылар берілген уақыт ішінде тілдік дағдыларын дамыта алмайды. Осының салдарынан кейбір оқушылар тек теориялық біліммен шектелсе, кейбіреулері тілді өмірде қалай қолдану керектігі туралы білімдеріне сенімсіздік танытады. Бұл мәселелерді шешуде иммерсивті технологиялар негізінде шетел тілін бейресми оқытуды ұйымдастыру ерекше рөл атқарады.

Сыныптан тыс факультативтік пәндер оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін бейресми оқыту әдісі болып табылады. Элективті пәндерді оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға бағыттай отыра, иммерсивті технологияларды осы үрдіске енгізу арқылы біз оқушылардың шетел тіліне деген қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар, олардың тілді сыныптан тыс бейресми жағдайда еркін қолдануларына жағдай жасай аламыз. Бұл сабақтар оқушыларға тілді қолданудың шынайы тәжірибесін беріп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас үшін нақты жағдайлар жасайды. Соңғы жылдары дәстүрлі оқытудан басқа және бейресми оқытуды зерттеуге көбірек көңіл бөлінуде. Осыған орай, Бенсон мен Рейндерс

тіл үйренуге айрықша көңіл бөле отырып, тілді меңгеру әртүрлі, тіпті бейресми ортада да орын алады деп тұжырымдаған [2, 569 б.].

Анығында, шетел тілі мұғалімдері оқуды тиімдірек және қызықты ету үшін әрқашан жаңа стратегияларды ізденіс жолында. Осы кезекте, виртуалды, кеңейтілген және аралас шындық - көпшіліктің назарын аударатын және ағылшын тілін шет тілі ретінде контекстін жан-жақты кеңейту мүмкіндігі бар жаңа үрдіс ретінде белең ала бастады. Аталмыш иммерсивті технологиялар оқу процесін жақсартуға және оқушыларға практикалық тіл үйрену тәжірибесін ұсына алатын оңтайлы оқу ортасына ұмтылуға мүмкіндік береді.

«Иммерсивті технологиялар» термині жоғары интерактивті, көп сенсорлы оқу орталарын жасау үшін виртуалды және кеңейтілген тәжірибелерді біріктіретін сандық құралдар мен жүйелердің кең ауқымын білдіреді. Иммерсивті технологиялар виртуалды шындық (VR), кеңейтілген шындық (AR) және аралас шындық (MR) сияқты бірқатар құралдарды қамтиды, олар нақты және виртуалды әлемдер арасындағы шекараларды бұза отырып, білім беру ландшафтын кеңейте түседі. Бұл құралдар нақты әлемдегі жағдайларды модельдеу, өзара әрекеттесуді дамыту және оқушыларды тәжірибелік оқуға тарту қабілетіне байланысты тілдік білім беруде қолданыла алады. Дәстүрлі әдістерден айырмашылығы, иммерсивті технологиялар шынайы қарым-қатынасқа баса назар аударылатын, оқушыға бағытталған ортаны дамытады. Сонымен қатар, өзара әрекеттесу немесе мәдени тұрғыдан маңызды виртуалды шындық сценарийлеріне ену оқушыларға тілдік дағдыларды дамытумен қатар мәдени хабардарлығын кеңейтуге көмектеседі. Сонымен қатар, AR-ды мәселеге негізделген оқытумен (PBL) біріктіру оқушылардың мәселелерді шешу дағдыларын және сыни ойлауын жақсартатыны, сонымен қатар контексте тілдің шынайы қолданылуын ынталандыратыны көрсетілген.

Дегенмен, олардың тиімділігі технологияның қолжетімділігіне, педагогикалық интеграцияға және оқушылардың бейімделуіне байланысты бұл құралдарды білім беру мекемелерінде қолданған кезде оқу материалдарын әдістемелік тұрғыдан мұқият іріктеу қажет. Сонда ғана иммерсивті технологиялар тілдік білім берудегі әлеуеті берік негізде бола алады. Сонымен қатар, бұл технологиялар икемді және тартымды оқу орталарын ұсыну арқылы ресми және бейресми оқыту арасындағы алшақтықты жоя алады. Теория мен тәжірибенің интеграциясы тіл үйренудегі иммерсивті технологиялардың рөлі туралы түсінігімізді кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі білім беру орталарында осы құралдарды одан әрі зерттеу және жетілдіру мүмкіндіктерін ашады. VR, AR және MR сияқты технологиялар қызықты және стресссіз орта арқылы оқушылардың тілді сыныптан тыс, тіпті мектептен тыс жағдайларда қолдануға ынтасын күшейтеді [3, 220 б.].

Әдістемелік критерийлерге сүйене отырып сыныптан тыс бейресми оқытуды ұйымдастыруда қолдануға ұсынылатын иммерсивті платформаларының тиімді нұсқалары 1-кестеде ұсынылады:

1-кесте

Шетел тілін оқытуда қолдануға ұсынылған VR платформалардың сипаттамалары

№	Платформа атауы	Сипаттамасы	Сілтеме
1	360Cities	Әлемнің әртүрлі жерлерінен 360° суреттер мен бейнелер.	https://www.360cities.net/image/marine-bay-sands-singapore-5
2	Виртуалды турлар (Virtual Field Trips)	Білімге бағытталған VR турлар мен бейнежазбалар кітапханасы.	https://virtualfieldtrips.org/
3	Өнер және мәдениет экспедициясы (Arts & Culture Expeditions)	Мәдени экспедициялар мен мазмұн; Тұрақты даму максаттарының компоненттері енгізілген.	https://artsandculture.google.com/project/expeditions
4	BBC Earth (AR/VR)	Жабайы табиғатпен кездесулер арқылы AR/VR тәжірибесі.	https://preloaded.com/work/bbc-earth-life-vr/
5	MIT En-ROADS (Climate Interactive)	Климаттық сценарийлерді модельдеу және шешімдерді зерттеу.	https://www.climateinteractive.org/en-roads

Осылайша, шетел тілін оқытуда қолдануға ұсынылатын иммерсивті технологиялардың түрлі нұсқасы талданды [4, 55 б.].

Ендігі кезекте, аталмыш платформаларды бейресми оқыту үдерісіне енгізудің келесідей әдістері ұсынылады:

- Мәселеге бағытталған сценарийлер: бұнда оқушылар климаттың өзгеруі мәселесі немесе тұтынудағы жауапкершілікті насихаттау сияқты нақты әлемдегі мәселелерді шешу үшін бірлесіп жұмыс істейтін виртуалды әлемдерде модельденген сценарийлер жасау.

- Рөлдік ойындар: оқушылар әртүрлі мүдделі тараптарды (мысалы, үкімет қызметкерлері, қоршаған ортаны қорғау белсенділері және бизнес иелері) білдіретін рөлдерге тағайындалады және келісімдерге қол жеткізу үшін виртуалды пікірталастар немесе келіссөздер жүргізеді.

- Интерактивті викториналар мен ойындар: олардың қоршаған орта мәселелері туралы білімдерін бағалайтын, сонымен қатар жылдам кері байланыс беретін және негізгі идеяларды бекітетін виртуалды викториналар мен ойындар жасау.

Осындай мәнде қызықты виртуалды шындық стратегиялары мен әдістерін енгізу арқылы ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту тек теорияны ғана емес, сонымен қатар бейресми білім беру аясында тілдік біліктілік пен мәдени түсінікті арттырады. Осылайша, бейресми білім беру жүйесінің артықшылығы – ол бүкіл әлемде болып жатқан білім берудегі өзгерістерге бейімделе алатындығы.

Алайда, білім берудің бұл түрінің маңыздылығы жете бағаланбайды және оның дамуы негізінен өздігінен жүреді. Ресми оқыту негізгі пәндерді оқуға және аналитикалық ойлауды дамытуға негіз бола отырып, ортақ дүниетанымның негізін салады. Сонымен қатар, ресми білім оқу жетістіктерін қатаң бақылауды және сертификаттауды қамтамасыз етеді. Ал, бейресми білім адамдарға өз қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес таңдау мүмкіндігі беріледі. Бұл шығармашылық ойлауға және тілді меңгеру үрдісіне саналы түрде қызығушылықпен қарауға мүмкіндік береді. Онымен қоса, бейресми білім беру көбінесе білім беру және кәсіби ортадағы өзгерістерге бейімделуге көмектеседі [5, 132 б.].

Ресми және бейресми білім беруді интеграциялау шетел тілін үйренушілердің кәсіби дағдыларын табысты дамытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын шығармашылық, коммуникативті және аналитикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін неғұрлым икемді және тиімді жүйені құруға мүмкіндік беретін формула. Осы тұрғыда, бейресми білім берудің ең үлкен артықшылықтарының бірі - оның нақты оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі. Оқыту өмір бойы жалғасатын процесс және бейресми білім өмірдің әрбір кезеңінде оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету арқылы осы философияны қолдайды [6, 21 б.].

Қорытындылай келе, иммерсивті технологиялар ағылшын тілін шет тілі ретінде дәстүрлі оқытуды түбегейлі өзгерту үшін үлкен әлеуетке ие болғанымен, оларды сәтті интеграциялау олардың әлеуеті мен шектеулерін ескеретін теңгерімді тәсілді қажет етеді. Құны, қолжетімділігі және этикалық мәселелерін шешу және нақты енгізу нұсқауларын ұсыну арқылы педагогтар мен зерттеушілер осы технологиялардың барлық әлеуетін ашып, тартымды, тиімді және тың тіл үйрену тәжірибесін жасай алады. Сонымен, болашақ зерттеулер осы шолуда анықталған олқылықтарды жоюға бағытталуы керек, иммерсивті технологиялардың тек инновациялық қана емес, сонымен қатар олардың әртүрлі білім беру контексттерінде практикалық және тұрақты болуын қамтамасыз етуі керек.

Айта кету керек, иммерсивті технологиялар негізіндегі бейресми оқыту оқушыларға нақты объектінің немесе процестің барлық аспектілерін дәрістер мен семинарларды, тренинг сабақтарын және демонстрацияларды көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, білім беру процестерінің сапасы мен жылдамдығын жақсарта отырып, оқушылардың терең білім алуына оң әсер етеді. VR/AR технологиялары адамның сыртқы әлемнен алатын ақпаратты толық пайдалануға мүмкіндік береді. Мінсізге балама білім беру ортасы ретінде виртуалды шындық технологиясы тиімді шет тілін үйрену үшін артықшылықтар ұсынады, оқуға деген мотивацияны арттырады және тілдік дағдылардың теңгерімді дамуына ықпал етеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 45-б.
2. Reinders, Hajo; Benson, Phil. Research agenda: Language learning beyond the classroom // *Language Teaching*. – 2017. – Vol. 50, № 4. – P. 561-578.
3. Dobrova V., Labzina P., Ageenko N., Nurtdinova L., Elizarova E. Virtual and Augmented Reality in Language Acquisition // *Proceedings of the International Conference on ICT in Education, Psychology and Social Sciences*. – 2018. – P. 218–223.
4. Zhubanova Sh., Amzeyev A., Dzhsubaliyeva D. Immersive virtual reality in foreign language education: sustainable development goals in action // *Sciences of Europe*. – 2025. – № 157. – P. 53–59.
5. Кичерова М.Н. Неформальное образование: международный опыт признания компетенций / М.Н. Кичерова, Е.В. Зюбан, Е.О. Муслимова // *Вопросы образования / Educational Studies*.—2020. – No 1. – С.126–158.
6. Тлеужанова Г.К., Каримова Г.С., Джолданова Д. К.. Проблемы формирования профессиональной компетенции владения иностранным языком у студентов в условиях конвергенции формального и неформального образования // *Высшее образование в Казахстане*. 2024. № 4(48). С. 17–25.